



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ МӘНГІЛІК ЕЛ ПАТРИОТТЫҚ АКТІСІ

Камал Ақбаян Жайдарқызы

kanal-1998@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М. А. Алпыбес

Ұлттық код дегеніміз ұлттық белгілердің жиынтығы деп түсінсек қателеспейміз. Ұлттық белгілер қатарына тіл, халық әдебиеті, ұлы дала тарихы, түріктен мұра болған мәдени жәдігерлер, ұлттық діни наным сенім жүйесі қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтар жатады. Қазақ тілінің байлығы мемлекеттік тіл үшін үлкен мәртебе. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Парламент пен Үкіметтің жұмысы мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс» деп мемлекет қызметішілеріне қатаң тапсырды: «Біз қазақ тілінің дәрежесін көтері үшін жұмыс істеуіміз керек деді. Мен Үкімет пен Парламентке айттым, Үкімет пен Парламент өзінің жұмысын мемлекеттік тілде жүргізуі қажет» [1].

Халық әдебиеті туралы айтар болсақ, қазақ халық ауыз әдебиеті – талай ғасырлар бойы ұрпақтар сабақтасымен сақталып жалғасқа рухани ой мұраның құнды жемісі. Өйткені, халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері осы сонау ықылым заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген. Адамзат өзінің сонау балаң кезінде, табиғаттың жұмбақ, тұңғыық сырына ойы жете алмаған кезінде сол табиғаттың сиқырлы алуан жұмбағын шешсем, оны өз игілігіме жаратсам, бағындырсам деген арманын өзінің ауыз әдебиетімен бейнелеген. Адамның табиғаттың дүлей, мылқау күшімен арпалысы да сол ауыз әдебиетінде өрнектелген. Қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық өмірдің ілгерілеуіне, адамның ой-санасының өсуіне, өзін қоршаған табиғаттың сырына терең болауына байланысты ауыз әдебиеті де мазмұны, формасы жағынан байып, дамып отырған. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің сонау көне дәуірден келе жатқан рухани мұра [2].

Ұлы дала тарихы. Ұлттық мұражайдың ашылуы. Қазақ мәдениетін бір жерге жинау. Тамыры сонау Сақтардан бастау алатын Ұлы даланың рухты ұрпақтары мынау дүние ғаламда талай соғыстарды басынан өткеріп, талай қанқұйлы жаулармен текетіреске түсті. Қаншама ғасырлар өтті, қаншама ұрпақтар жаңарды, бірақ, мақсат пен мүдде өзгермеді. Ол өзгермейтін мәңгілік мүдде мен мақсат мынау ұлан-байтақ қасиетті жерді қорғау еді. Сол асулары көп мақсат Қазақ хандығын тізгіндеген хандар мен батырлардың, кешегі ХХ ғасырдың басындағы Алаш ұлдарының ұлы арманына айналды [3].

Түріктен мұра болған мәдени жәдігерлер. Түріктен қалған ең құнды жәдігер: түркі көне жазуы. Күлтегін (684-731 жылдары өмір сүрген) – ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, сол дәуірдің белгілі қоғамдық қайраткері ретінде көне тарихтан жақсы мәлім. Ол Құтлұғ (Елтеріс) қағанның кенже ұлы. Қапаған қаған 716 жылы қаза тапқаннан кейін бүкіл түркі әскерін басқарады. Қапаған соғыста өлген соң Күлтегін оның ұрпақтарын да қырып салып, өз ағасы Могилянді (кейінірек Білгі қаған деп атанған) Күллі түркі елінің қағаны етіп тағайындалады. Күлтегін талай-талай соғыстарда жеңіске жетіп, өз қабілетті қолбасшысы ретінде танылады. Міне, осы Күлтегін батыр, оны ағасы Білге қаған және қағанның кеңесшісі, ақыл гөй қария Тоныкөк құрметіне VIII ғасырда тасқа қашап жазылған ескерткіш – жырларды әдебиет тану ғылымы тұрғысынан жан-жақты зерттеген кісі совет ғалымы И. В. Стеблева болды. Бұл аталған руналық жазбалық ескерткіштер әдебиет тану ғылымында ежелгі түркі халықтарының көне әдеби үлгілері, поэзиялық туынды ретінде танылады. Көркемдік ерекшеліктері. Орхон ескерткіштерінің жанрлық ескерткіштері туралы соңғы кезге дейін өзара қарама-қайшы екі түрлі көзқарас орын алып келеді. Бірі – Күлтегін, Білгі қаған және Тоныкөк

ескерткіштері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға ешбір қатысы жоқ, Түрік қағанатының дәлме дәл жазылған тарихы деп қарады. Екіншісі – руна жазуындағы бұл ескерткіштерде поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп танылды.

Бұл екі түрлі көзқарас ұзақ жылдар бойы әдебиетшілер, тілшілер, тарихшылар т. б. арасында алуан түрлі пікір таластарын тудырып келді. Ал, қазір Күлтегін, Білгі қаған және Тоныкөк ескерткіштері көркем туынды екеніне ешкім күдіктенбейді. Ежелгі Орхон ескерткіштерін поэзия, ерлік жыры деп алғаш бағалаған ғалымдардың бірі – академик жазушы М. Әуезов болды. Ол руна жазуындағы ескерткіштердің мазмұны мен сипаты туралы айта келіп былай деп жазды: «олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас Күлтегін, тоныкөк немесе суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеңші?! Оларда әр алуан рулармен тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтарда шежіресі бар.

Тіпті сол жазушылардың бірталайында Күлтегіннің ежелгі жырларындағыдай жеңілуді білмейтін батыр болғандығы баяндалады. Ол жазуларда хронологиялық тәртіпте бар. Күлтегіннің 16 жастан 47 жасына дейін, яғни өлгенге дейінгі өміріндегі ерлік қимылдары баян етіледі. Мұнда батырлардың жас шағынан бастап, өмірінің ақырына дейінгі ерліктер жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысында ұқсастық бар».

Бұл жазба жәдігерліктер өзінің мазмұнымен пішіні жағынан емес, ырғаққа, яки ритмге – үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануына негізделу тұрғысынан да поэзиялық сипатқа ие екенін тұңғыш рет совет ғалымы И. В. Стеблева дәлелдеп шықты. Ол Орхон ескерткіштерінің өлшемі — әрі буын, әрі екпін екені, ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ – сол буынмен екпінге негізделеді деген пікір айтты. Мұндай пікірдің теориялық және практикалық мәні зор еді [4].

Қазақтың салт- дәстүрі. Ата салтың – халықтық қалпың» демекші, өз жұртының қадір – қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын. Тындар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс – тіршілігіндегі керемет салт – ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ [5].

Ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтар: отбасы, тәрбие, бауырмашылдық, ынтымақтылық, көмек, жесірі мен жетімін жылатпау, ақсақалдар институты. Үлкендердің сөзінің ұлағатты болуы. Шешендік өнердің сақталуы.

Абайдың он төртінші қара сөзі: Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көңіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаушылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала

алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі? [6]

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бұл туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Ұлт лидері Н. Ә. Назарбаев өзінің биылғы «Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- «Мәңгілік ел» идеясы», -деген еді [7, 3]. Міне Мәңгілік еліміздің Мәңгілік тарихы осы идеямен астасып жатыр. Қазақ халқы қашанда ұлылыққа ұмтылған халық. Әрдайым жастарына қолдау беріп, ізгі жолды нұсқап отырған. «Мәңгілік Ел» құру үшін жас ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу керек. «Ел болам десең бесігінді түзе»- деп бекер айтпаса керекті дана халқымыз. Сәби дүние есігін ашқаннан бастап нәрестеге азан шақырып ат қойып, үкі байлап, ақылды болсын деп тілек арнағанынан бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесіне қалай көңіл бөлгендігін аңғаруға болады.

«Мәңгі ел» идеясы қазақ халқының ата-бабаларынан, яғни ортағасырлық түркілік заманнан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына шыққанда осы идеяны жалғастырып, бүгінгі күнге дейін алып келді және тәуелсіздігіміз орныққан кезде сонау түркілік дәуірде Түрік қағанатының «манифесі» ретінде «Мәңгі тасқа» жазып қалдырғандай. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады. Сонымен қатар Елбасы таяуда ғана тәуелсіз мемлекетіміздің атауы «Қазақ елі» болып өзгеруі мүмкіндігін айтты. Мұның да ел-жұрттың талқысына уақытында қойылғанын ерекше атаған жөн. Өйткені, «Мәңгілік ел» идеясы мен «Қазақ елі» атауы тарихи тұрғыдан сабақтастықты жалғастырып, бірін-бірі толықтырып тұратын маңызды әлеуметтік түсініктер [8, 4]. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан Елбасы мемлекетті солай атады. Енді өзге ұлт өкілдерін біріктіріп отырған мемлекетіміз бен ұлан қайыр жерімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан этностарды біртұтас «Қазақ Елі»деп атасақ артық болмас. Жыл өткен сайын тілімізге құрмет артып, қазақ тілін ана тілдеріндей көретін бауырларымыздың саны артуда. Бұл мемлекетіміздің Мәңгілікке аяқ басқанының бір көрінісі.

«Мәңгілік Ел-ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі аңсаған асыл арманы. Ол арман әлемдегі дамыған елдермен терезесі тең қатынас құрып, тарих қойнауын ақтарғанда ерлігі паш етіліп, парасаты салтанат құрған Тәуелсіз ел атану еді. . . Ата-бабамызыдың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы өшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктерінің айқын көрінісі. «Мәңгілік Ел»-жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Келешегіміз кемелді, болашағымыз баянды болуы бүгінгі жастарға, яғни, бізге тікелей байланысты.

«Мәңгілік ел»сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің сан ғасырдан бері жазылған ұлы тарихымыздан алынды. Ол ешбір дәлелді қажет етпейді. Тәуелсіздік жолында күресуден гөрі оны сақтау жолында күрес жүргізу әлдеқайда қиын. Бұл-жер жүзінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Атағы жер жарып, басқа ұлтқа өктемдік жүргізген мемлекеттердің тарих сахнасынан жойылуы да кездейсоқ емес. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі-Мәңгілік Елордамызды тұрғызыдық. Қазақтың Мәңгілік ғұмыры ұрапақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ-Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы-Мәңгілік Ел! [9, 11].

Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалақ өсумен айналысады. «Қазақстан -2050»стратегиясы-барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін

жаңғыру жолы. Ол-елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шындалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту-ортақ парыз, абыройлы міндет [10, 5].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» деген еді. Ендеше, «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабамыз түркілердің Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр [11].

Мәңгілік Ел идеясы – барша Қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат. Ертеңгі бағытын, жүретін жолын, өсу жолындағы мұратын анық бірген елдердің қандай жеңістерге жеткенін тарихтан білеміз. Біздің еліміз тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп жатқанда алдағы 30 жылды ойласа, енді жүрісін дұрыстап, тынысын жөндеп алғанда Мәңгілік Ел деген мұратты алға қойды.

Қортындылай келе, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша жүзеге асып жатқан Мәңгі Ел идеясын әрі қарай жалғастырып дамыту біздің, яғни келешек ұрпақтың міндеті. Осы идея арқылы біз Қазақстанды дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://youtu.be/3UZxMjYgTPO>
2. <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1093>
3. <http://ultbolmisy.kz/ұлы-дала-тарихы/>
4. <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=142&t=1..>
5. <http://tranzitkz.kz/index.php?catid=41:vipusk3292011..>
6. <https://kk.wikibooks>.
7. Сыздықов С. «Мәңгілік Ел» идеясы. – Астана: Фолиант, 2013. 3-4 бб.
8. Мәңгілік Ел идеясының өзегі // Mәngi El Халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, 1(3) 02. 2014. 11 б.
9. Ақиқат журналы, Ұлттық-қоғамдық-саяси журнал Бір мақсат бір мүдде бір болашақ. №2 2014. -5 бет.
10. «Mәngi El» Халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, Мәңгілік Ел идеясы қалай туды. 4(6) 17. 01. 2014. -8 бет.

УДК 336.7

КРИПТОВАЛЮТА - ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ НАНОТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ДАМУ ТҮРІНДЕГІ КӨРІНІСІ.

Казбек Айнура Казбекқызы

knaukanbekova@mail.ru

Л:Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Ж.К.Есимова

«Қазақстан ұлттық төлем жүйесін өз электронды ақшасын енгізу керек. Егер 3 жыл ішінде ірі дамушы мемлекеттердің Орталық Банктері өз электронды ақшаларын енгізбесе, 5 жылдан соң кеш болады» - деді ҚР Ұлттық Банкінің бұрынғы төрағасы Григорий Марченко.

Бұл мүмкін бе?